

Қазақстан Республикасының "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 тамыз 1993 ж. N 697 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1295 қаулысымен.

"Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 12 сәуірдегі N 2116-XII қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған, Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісілген Өсімдіктердің жаппай зиянкестерінің, ауруларының Тізбесі, оларды жою жөніндегі мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын шаралар бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.26. N 1518 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Ұлттық банкінің 1993 жылы, меншік нысандарына карамастан, ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне қосымшаға сәйкес тәртіппен жеңілдік қысқа мерзімді кредит берудің тиімділігі туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

Осыған байланысты үстіміздегі жылы "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" Заңда көзделген кредит шарттары қолданылатын аграрлық-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарының тізбесі белгіленбесін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде Ұлттық банкпен және Экономика министрлігімен келісу бойынша:

жеңілдік жағдайлармен қысқа мерзімді кредит берілетін аграрлық-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарының тізбесі жөніндегі ұсыныстарды қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін; энергия көздері, техника және материалдық-техникалық құралдар

бағаларының өсуіне байланысты мемлекеттік мұқтаждықтар үшін берілетін ауыл шаруашылығы өнімінің қымбаттауына жұмсалатын шығындарды өтеу жөнінде қаражат көздейтін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1 9 9 3 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы

№ 6 9 7 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Жаппай зиянкестердің, өсімдіктер кеселдерінің және тізбесі, оларды жою жөніндегі мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын шаралар

Ескерту. Тақырып өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.26. № 1518 қаулысымен.

1. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аурулары мен зиянкестері: шегіртке (азиялық, марокколық және прус), комстока құрты, тұт-жаукөбелегі, тасбақа-қандала, гессен шыбыны, астық қоңыздары, өрмекші кене, мақта көбелегі, саршұнақтар, тышқан тәріздес кеміргіштер, колорад қоңызы, калифорниялық біте, ақегін көбелегі, тат кеселі, дән септориозы, жүзім филлоксерасы, жабайы өскен сора және басқа оңашаландыратын зиянкестер.